

DOI 10.53364/24138614_2021_21_2_84
ӘОЖ 65:681.5

¹Маратов Е.Д., ²Золотов А.Д., ³Оспанов Е.А.

^{1,2,3} «Семей қаласының Шәкәрім ат. университет» КеАқ, Семей қ., ҚР.

¹E-mail: Yerkhan.maratov@mail.ru*

²E-mail: Azol64@mail.ru

³E-mail: 78oea@mail.ru

САУДА МЕКЕМЕСІНІҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА ТОРГОВОГО УЧРЕЖДЕНИЯ

AUTOMATED INFORMATION SYSTEM OF A COMMERCIAL INSTITUTION

Андатпа. Ірі және орта кәсіпорындар жұмысының қазіргі заман талаптарына сай болуы компанияның автоматтандырылған есеп жүйесі негізіндегі ақпараттық құралдарымен жабдықталу деңгейінен толығымен тәуелді

Компьютерлік есепке алу өзіндік ерекшеліктерге ие және кәдімгі есепке алудан түбегейлі өзгеше. Компьютер мен автоматтандырылған есепке алу жүйесін қолдану, сауда барысын басқару және талдау үшін жинақталған ақпараттар және құжаттарды қалыптастыруға кететін уақытты қысқартып, жеңілдетеді. Сауда жағдайы туралы есепті автоматтандырылған жүйе көмегінсіз де алуға болғанымен, оны есептеуге көп уақыт кетеді және де, осы уақыт ішінде қажеті болмай қалуы да мүмкін немесе көптеген есепшілер көмегімен жылдам алуға болады, бірақ оларға кететін жалақы, есеп нәтижесінде түсетін пайдадан әлдеқайда артық болуы мүмкін. Осы себепті сауда мекемесінде автоматтандырылған жүйелерді қолдану «саннан сапаға өтіп», есептер жүргізуді жылдамдату арқылы, сауда жүргізу схемасының сапасын арттыруды мүмкіндік береді.

Мақалада мекеменің қаржылық-шаруашылық саласындағы автоматтандырылған басқару жүйелерінің ролі қарастырылады. Сауда мекемесіне арналып, құрылған автоматтандырылған ақпараттық жүйе ұсынылады және оның мүмкіндіктері келтіріледі.

Түйін сөздер: автоматтандырылған басқару жүйесі, мәліметтер базасы, клиенттер, қызметкерлер, Delphi, интерфейс.

Аннотация. Соответствие работы крупных и средних предприятий современным требованиям полностью зависит от уровня оснащённости компании информационными средствами на основе автоматизированных систем учета.

Компьютерный учет имеет свои особенности и принципиально отличается от обычного учета. Использование компьютера и автоматизированной системы учета сокращает и упрощает время, затрачиваемое на формирование собранной информации и документов для управления и анализа торгового хода. Несмотря на то, что отчет о состоянии торговли можно получить даже без помощи автоматизированной системы, его расчет занимает много времени и может оказаться ненужным в течение этого времени, или его можно быстро получить с помощью многих бухгалтеров, но заработная плата,

которую они тратят, может быть намного больше, чем прибыль, полученная в результате отчета. По этой причине применение автоматизированных систем в торговом учреждении позволяет повысить качество схемы ведения торговли, «переходя от количества к качеству», ускоряя проведение расчетов.

В статье рассматривается роль автоматизированных систем управления в сфере финансово-хозяйственной деятельности предприятия. Предлагается разработанная система для торгового предприятия и приводятся возможности данной системы. Результаты исследования могут быть использованы в реализации торговой сфере гражданской авиации.

Ключевые слова: автоматизированная система управления, база данных, клиенты, сотрудники, Delphi, интерфейс.

Abstract. The compliance of large and medium-sized enterprises with modern requirements depends entirely on the level of the company's equipment with information tools based on automated accounting systems.

Computer accounting has its own characteristics and is fundamentally different from conventional accounting. The use of a computer and an automated accounting system reduces and simplifies the time spent on the formation of the collected information and documents for the management and analysis of the trading process. Although you can get a report on the trading situation even without the help of an automated system, it takes a lot of time to calculate it, and it may not be necessary during this time, or you can quickly get it with the help of many accountants, but the salary spent on them may be much higher than the profit received as a result of the report. For this reason, the use of automated systems in a trading institution allows us to improve the quality of the trading scheme by "moving from quantity to quality" and speeding up accounting.

The article discusses the role of management systems in the field of financial and economic activity of the enterprise. Proposes to develop a system for commercial enterprise and provides the capabilities of the system. The results of the study can be used in the implementation of the commercial sphere of civil aviation.

Key words: automated management system, database, clients, employees, delphi, interface.

Кіріспе

Кез-келген елдің экономикасын басқару процесі мемлекеттің экономикалық өмірдің әртүрлі салаларына әсеріне байланысты болады. Мемлекеттік әсердің негізгі мақсаттары: мемлекетте тұрақты экономикалық өсудің қалыптасуы, тауар мен қызметтің бағалары тұрақты болуын қамтамасыз етуі, еңбекке жарамды халықтың жұмыс басылығы және т.с.с. Бұл мақсаттар өзара байланысқан және оларға бірдей жету мүмкін емес. Экономиканы басқарудағы балансқа жету – мемлекеттің экономикалық саясаттың негізі.

Автоматтандырылған басқару жүйелері үлкен жүйелер класына жатады. Осындай дәрежелі жүйеге келесідей талаптар тізімі қойылады: жүйені құрудың мақсаттарына жету; берілген жүйенің барлық элементтерінің жүйе ішінде өзара және басқа жүйелермен үйлесімділігі, жүйелілігі, декомпозициялығы және т.б. Бұл талаптар жүйе элементтерінің модернизация мүмкіндігін, олардың өзгеретін жағдайларға бейімделуін; пайдалану сенімділігі және ақпараттың дұрыстығын, бастапқы ақпаратының бір рет енгізілуі және шығатын ақпараттың көпфункционалды, көпжоспарлы қолданылуын; деректер қорында сақталған ақпараттың актуальдылығын болжамдайды.

АБЖ қол еңбегінің минималды шығындарын ескере отырып басқару объектісі туралы ақпараттың өңдеуін және анализін, басқару ықпалын өндіруін, жүйе ішінде және деңгейлері бірдей және әртүрлі болатын басқа да жүйелер арасында ақпараттың алмасуын

қамтамасыз етуі қажет. АБЖ басқару алгоритмдерін іске асыруды, жүйелер арасындағы байланысты, бастапқы ақпаратты енгізу жеңілдігі, өңдеу нәтижелерін шығару түрлілігі, техникалық техникалық жабдықтар жиынтығымен жабдықталуы қажет. Маңызды талабы жүйенің әртүрлі типті қолданбалы операцияндық жүйелер, деректерді өңдеуге және функционалды есептерді шешуге бағытталған қолданбалы программалар негізінде функционалдауы және өңдеуі болып табылады. Ақпараттық тұрғыдан алғанда жүйе оның негізгі функцияларын орындау үшін толық және жеткілікті ақпаратты беруі қажет, кодтаудың рационалды жүйелері болуы керек, ақпараттың жалпы классификаторларын қолдану қажет, жақсы ұйымдастырылған деректер қорлары және деректер қорын басқару жүйесі (ДҚБЖ) болуы қажет, пайдаланушыларға қабылдау ыңғайлы болатын түрде шығатын ақпаратты қалыптастыру қажет.


Тауар айналымы – терең ізденісті талап ететін сала. Себебі, бұрынғы тауар айналымы жүйесіне қарағанда қазіргі тауар айналымы ел экономикасының аяқ алысымен қатарлас салыстырмалы түрде жылдам дамып келеді.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты сауда мекемесін басқарудың автоматтандырылған есеп жүйесін құру болып табылады.

Жүйеде келесі қатынастарды ерекшелеуге болады: Ассортимент, Группалар, Қызметі, Накладной атауы, Клиенттер, Жабдықтаушы, Реализациялау, Ассортиментке реализац, Қойма, Қызметкерлергруппа, Қызметкерлер, Накладнойдығ кестелік бөлімі, Сатылым түрі, Тауар түрі, Упаковкалау.

Құрылған үлгі үшінші қалыпты күйге келтірілді (сурет 1), яғни:

- кесте атрибуттары атомарлық;
- әр бір кілттік емес атрибут алғашқы кілттен толығымен функционалды тәуелді;
- үлгіде кілттік емес атрибуттар кілттен транзитивті тәуелді емес.



Сурет 1. Мәліметтер қоры кестелері арасындағы байланыстар

Құрылған программалық өнім - қазіргі кезде қолданылатын кең тараған дербес ЭЕМ қажет етеді. Толығырақ айтсақ, INTEL платформасында жасалынған компьютерлер типі. Мұндай ДЭЕМ – Intel Core- ге дейінгі әр түрлі PC/AT модификацияларын айтамыз. Қазіргі кезде PC/XT класстар қатарына жататын машиналар қолданылмайтындықтан, техникалық

аппаратқа қандай да бір талап қою міндетті емес. Себебі, қазіргі моментте стандартты компьютер қажетті есептеу қуатына ие, сонымен қатар кез келген программалық өніммен жұмыс жасауға оперативті жады көлемі жеткілікті. Программалық өнімнің алатын орнының дискальық кеңістігі өте үлкен болуы қажет емес. Алайда дұрыс жұмыс жасауы үшін орнатылған операциялық жүйенің талаптарына жауап беретін техникалық құралдар жиынтығы қажет. Техникалық жабдықтау – бұл рейтингті талдаудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу барысында қолданылатын техникалық құралдар кешені.

Қосымша шартты түрде келесі негізгі модулдерден тұрады:



Сурет 1. Сауда мекемесінің автоматтандырылған есеп жүйесі

Жұмыс мекеменің тауар айналымын автоматтандырылған басқару мәселелеріне арналды. Іздену және зерттеу нәтижесінде осы мәселеге арналған мәліметтер қорын басқару жүйесі құрылды. Жүйені құру ортасы ретінде кең таралған Delphi бағдарламалау ортасын тандап алынды. Себебі бұл мәліметтер қорымен жұмыс жасау, сонымен қатар қолданушыларға ыңғайлы интерфейс жасау өте оңайға түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гвоздева В. А., Лаврентьева И. Ю Основы построения автоматизированных информационных систем: учебник. – М.: ИД «ФОРУМ»: ИНФРА-М, 2007-320 стр.
2. Информационные технологии управления: Уч. пособие для вузов/ Под ред. проф. Г.А. Титоренко. - 2-е изд., М.: ЮНИТИ, 2003.
3. Информационные системы и технологии в экономике и управлении: Уч. пособие/ Под ред. Трофимова В.В. – М.: Высшее образование, 2007.

References

1. Gvozdeva V. A., Lavrenteva I. Yu Osnovy postroenia avtomatizirovannykh informacionnykh sistem: uchebnik. – М.: ИД «FORUM»: ИНФРА-М, 2007-320 str.
2. Informacionnye tehnologii upravlenia: Uch. posobie dlä vuzov/ Pod red. prof. G.A. Titorenko. - 2-e izd., М.: ЮНИТИ, 2003.
3. Informacionnye sistemy i tehnologii v ekonomike i upravlenii: Uch. posobie/ Pod red. Trofimova V.V. – М.: Vysshee obrazovanie, 2007.